

## Шымкент қаласының коммуналдық меншігіндегі акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің көлемін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 1407 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 тамызда № 3826 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 979 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 20.12.2019 № 979 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 186 бабына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының коммуналдық меншігіндегі акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің көлемі кемінде таза табысынан 50 (елу) пайыз болып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г. Құрманбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ғ.Әбдірахымов*